



БЕКТЕМІН

Шымкент аграрлық-техникалық
колледжінің директоры

М.А.Елекеев

2023 жыл

**«Шымкент аграрлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының комплаенс басшысы**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты Колледж мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің міндеттері:

-Колледж мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

- Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

- Колледжде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясын еңгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

-басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызметінің тәуелсіздігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс- қызметінің функциялары:

- келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;
- Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылының ішкі саясаты;
- Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі нұсқаулық;

Колледж мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары; Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

- «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидапарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген №14441) сәйкес Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Колледждің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

- Колледжде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинги жүзеге асырады;

- Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шарапарын жүргізеді;

- Колледж қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

- Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

- Колледж ұжымында жалпы қабылданған моральдық әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет құзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңнамада белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

5. Колледж құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

6. мүдделер қақтығысын, оның ішінде Колледж жұмысқа орналастыру, сатып- алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

7. Колледжде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

8. контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

9. Колледждегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

10. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторингпен талдау жүргізеді;

11. Колледждің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

12. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Колледждің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;

13. Колледж басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, осы ұйымның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

14. Колледж қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

15 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шеңберінде:

- Колледж құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, сұратады және алады;

- Колледж директорының қарауына күзіретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

- ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

- Колледж басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

- өз күзіреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;